



БҰЙРЫҚ

2026 ж. 31 мамыр

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *432*

город Астана

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің
2027–2029 жылдарға арналған біліктілік пен дағдылар жүйесін
дамыту жөніндегі салалық жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрі С.М. Жұманғариннің 2027–2029 жылдарға арналған біліктілік пен дағдылар жүйесін дамыту жөніндегі салалық жоспарларды әзірлеу және бекіту бойынша 2026 жылғы 7 шілдедегі № 16-14/3634 тапсырмасын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 2027-2029 жылдарға арналған біліктілік пен дағдылар жүйесін дамыту жөніндегі салалық жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Стратегиялық жоспарлау департаменті (бұдан әрі - Департамент):

1) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөніндегі жұмысын үйлестіруді;


2) Жоспардың іске асырылуына жылына екі рет мониторинг жүргізуді, іс-шаралардың орындалу барысы туралы ақпаратты жинақтау, қорыту және тиісті ақпаратты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Жоспар іс-шараларының өздеріне бекітілген іс-шараларға сәйкес орындалуын және олардың іске асырылу барысы туралы ақпараттың Департаментке уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және таратылуға жатады.

**Министрдің
міндетін атқарушы**



E. Naғаспаев

Е. Нағаспаев

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрінің
міндетін атқарушының
2026 жылғы «31» мамыр № 432
бұйрығына қосымша

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс
министрлігінің 2027–2029 жылдарға арналған біліктілік
пен дағдылар жүйесін дамыту жөніндегі
САЛАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

1-бөлім. Жоспардың паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2027-2029 жылдарға арналған біліктілік пен дағдылар жүйесін дамыту жөніндегі салалық жоспары
Жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрі (ҚР ӨҚМ)
Қоса атқарушылар	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі; «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ; жергілікті атқарушы органдар; салалық қауымдастықтар, жұмыс берушілер бірлестіктері және жетекшілік етілетін салалардың кәсіпорындары (келісім бойынша)
Мақсаты	Салалық біліктілік жүйесін дамыту, мамандарға деген қажеттілікті қалыптастыру және білім беру мен жұмыспен қамту саласындағы уәкілетті органдармен өзара іс-қимылды үйлестіру арқылы ҚР ӨҚМ жетекшілік ететін салаларын білікті кадрлармен қамтамасыз ету.
Негізгі міндеттері	- жетекшілік етілетін салаларды кадрлармен қамтамасыз ету бойынша аналитикалық материалдарды дайындау; - реттелетін салалардағы салалық біліктілік шеңберлерін (СБШ) өзектендіру; - сұранысқа ие мамандықтар бойынша кәсіби стандарттарды (КС) әзірлеу және өзектендіру; - жетекшілік етілетін барлық салаларда кәсіби біліктілік жөніндегі салалық кеңестердің тұрақты қызметін қамтамасыз ету; - ҚР ӨҚМ жетекшілік ететін салаларда кәсіби біліктіліктер мойындалатын Мамандықтар тізілімін өзектендіру; - кәсіби біліктілікті мойындау жүйесін дамыту; - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (ЖЖОКББ), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (ТМКБ) ұйымдары түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейін арттыру; - іске асырылып жатқан инвестициялық жобалар есебінен сала кадрлары үшін жұмыс орындарын құруға жәрдемдесу.
Іске асыру мерзімдері	2027-2029 жылдар

2029 жылға арналған күтілетін нәтижелер	- жетекшілік етілетін салаларды кадрлармен қамтамасыз ету бойынша жыл сайын аналитикалық материалдар дайындалады; - бекітілген салалар бойынша салалық біліктілік шеңберлері өзектендіріледі; - жыл сайынғы жоспарларға сәйкес КС әзірленетіні (өзектендірілетіні) қамтамасыз етіледі; - барлық 9 салалық кеңестің тұрақты қызметі қамтамасыз етіледі; - жетекшілік етілетін бағыттар бойынша Мамандықтар тізілімінің өзектілігі қамтамасыз етіледі; - мойындау орталықтарының жұмыс істеуіне жәрдем көрсету қамтамасыз етіледі; - жетекшілік етілетін бағыттар бойынша ЖЖОКББ және ТиКБ түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі артады; - саланы сапалы жұмыс орындарымен қамтамасыз ету мақсатында инвестициялық жобалар іске асырылады.
--	---

Нормативтік-құқықтық негіз: Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының «Кәсіби біліктіліктер туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Өнеркәсіптік саясат туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Кәсіби стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектендіру қағидалары, Салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және (немесе) өзектендіру қағидалары, Кәсіби біліктілік жөніндегі салалық кеңестерді құру қағидалары, Ағымдағы және болашақ кезеңдердегі мамандықтардың өзектілігін ескере отырып, еңбек нарығының кәсіби біліктіліктерді мойындауға қажеттілігін қалыптастыру қағидалары, Кәсіби біліктілікті мойындау қағидалары, Мамандықтар тізілімін қалыптастыру, өзектендіру және жүргізу қағидалары, өнеркәсіпті, құрылысты, кадрларды даярлауды, еңбек нарығын және Ұлттық біліктілік жүйесін дамытуды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер мен мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары.

Іске асыру мерзімі мен кезеңдері: 2027-2029 жылдар.

Мониторинг және бағалау механизмі: Жоспардың іске асырылуына мониторингті ҚР ӨҚМ жылына екі рет жүзеге асырады. Мониторинг қорытындылары бойынша іс-шаралардың іске асырылу барысы және нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу туралы ақпарат қалыптастырылады. Мониторинг нәтижелері Кәсіби біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің отырыстарында қарау үшін ҚР ЕХӨҚМ-ге ұсынылады.

Қысқартулар тізімі:

ӨҚМ - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі;

СК - кәсіби біліктілік жөніндегі салалық кеңестер;

ЖАО - жергілікті атқарушы органдар;

ЕХӨҚМ - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

ҒЖБМ - ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ОАМ - ҚР Оқу-ағарту министрлігі;

ЕРДО - «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ;

ҰБЖ - Ұлттық біліктілік жүйесі;

СБШ - салалық біліктілік шеңбері;

КС - кәсіби стандарт;

ББ - білім беру бағдарламалары;

ЖЖОКББ - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары;

ТиКБ - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру;

КҰС - Қазақстан Республикасының Кәсіптердің ұлттық сыныптауышы;

ЭЕБ – электронды еңбек биржасы;

БИК – Бірыңғай индустрияландыру картасы.

2-бөлім. Салалық біліктілік жүйесі мен кадрлық қамтамасыз етудің ағымдағы жағдайына талдау

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің жанында жетекшілік етілетін салаларда кәсіби біліктілік жөніндегі 9 салалық кеңес жұмыс істейді; есепті кезеңде салалық кеңестердің 16 отырысы өткізілді. 2026 жылғы жағдай бойынша біліктілік деңгейлері бойынша 835 мамандықты және 1 374 мамандық карточкасын қамтитын 133 кәсіби стандарт қолданыста: «Атамекен» ҰКП 2023 жылдың қыркүйегіне дейін 73 КС бекітті, Министрлік 2023 жылдың қыркүйегінен бастап 60 КС бекітті (оның ішінде жылдар бойынша: 2023 ж. - 14, 2024 ж. - 12, 2025 ж. - 34 КС), бұл айқын оң динамиканы көрсетеді. 2026 жылға арналған Кәсіби стандарттарды әзірлеу және өзектендіру жоспарында 158 КС қарастырылған (90 - өзектендіру, 68 - әзірлеу), оның ішінде осы талдау жасалған күнге 7 КС бекітілді.

Сала мамандықтарының кәсіби стандарттармен қамтылуына талдау

Жүргізілген талдау нәтижесінде ӨҚМ салаларының Салалық біліктілік шеңберлерінде (СБШ) 3 151 мамандық бар екендігі, ал кәсіби стандарттар (КС) базасында 922 бірегей мамандық тіркелгені анықталды. Деректерді салыстыру 633 мамандық екі тізімде де сәйкес келетінін, ал кәсіби стандарттардағы 259 мамандық СБШ-да жоқ екенін көрсетті. Сала мамандықтарының кәсіби стандарттармен қамтылған қорытынды үлесін есептеу үшін есептеу кәсіби стандарттардағы мамандықтар санының жиынтық деректер базасына (СБШ жалпы тізімінің сомасы және СБШ-ға кірмеген КС бірегей позициялары: $3\,151 + 259 = 3\,410$) қатынасы ретінде жүргізіліп, $27,04\%$ ($922 / 3\,410 \times 100\%$) құрады.

Жетекшілік етілетін секторлардың ауқымының кеңдігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне республикалық деңгейдегі барлық кәсіби стандарттардың шамамен үштен бірі тиесілі. Бірегей біліктіліктер мен мамандықтардың осындай орасан зор шоғырлануы (салалық тізімде 3,1 мыңнан астам) стандарттарды әзірлеу, өзектендіру және енгізу кезінде салалық кеңестер мен сарапшылар қоғамдастығына түсетін жүктеменің артқанын айқындайды. Атқарылған жұмыстардың ауқымдылығына қарамастан, қамтудың жыл сайынғы өсу қарқыны (базистік 2026 жылғы $27,04\%$ -дан 2029 жылға қарай $40,5\%$ -ға дейін) біліктілік алшақтығын кезең-кезеңмен жою және еңбек нарығының талаптарын өндірістің нақты қажеттіліктерімен жүйелі түрде синхрондау қажеттілігімен негізделген.

ҚР ӨҚМ жетекшілік ететін салалар бойынша жұмыспен қамту саны мен құрылымы

Электронды еңбек биржасының (ЭЕБ) деректері бойынша ҚР ӨҚМ жетекшілік ететін салаларға Кәсіптердің ұлттық сыныптауышының 4 865 мамандығы бекітілген, олар бойынша 871 047 белсенді еңбек шарты тіркеліп, 96 999 ашық бос жұмыс орны орналастырылған (2026 ж.). Жұмыспен қамту мен бос жұмыс орындарының ең көп саны құрылысқа, машина жасауға және тау-кен металлургия кешеніне (ТМК) тиесілі; бұл ретте машина жасаудағы кадрлардың салыстырмалы тапшылығы (бос орындардың жұмыспен қамтылуға қатынасы) құрылысқа қарағанда жоғары, бұл білім беру тапсырысын қалыптастыру кезінде бағыттың басымдығын көрсетеді.

Саланың кадрларға деген болжамды қажеттілігі

ҚР ӨҚМ жетекшілік ететін мамандықтар бойынша 2026-2030 жылдарға арналған кадрларға болжамды қажеттілік 293 986 адамды немесе Қазақстан Республикасы экономикасының жалпы болжамды қажеттілігінің (1 620 898 адам) шамамен 18% -ын құрайды.

Кадрлар даярлау және ТиКБ түлектерін жұмысқа орналастыру деңгейі

Министрлік жетекшілік ететін салалар үшін кадрларды даярлауды техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары жүзеге асырады. ҚР ӨҚМ жетекшілік ететін 9 саланың мамандықтарымен сәйкестендірілген мамандықтар бойынша (мамандықтар сыныптауыштары мен ҰЖК сәйкестігінің жиынтық кестесімен салыстыру), 2025-2026 оқу жылында білім алушылар контингенті 165 514 адамды, түлектер саны 53 820 адамды құрады. Ең көп контингент құрылыс (35 904 адам) және жеңіл өнеркәсіп (22 783 адам) мамандықтары бойынша даярлануда; бұл ретте 82 171 білім алушы (контингенттің 49,6%-ы) бірнеше салаға ортақ болып табылатын мамандықтарды (соның ішінде бакалавриаттың ірілендірілген инженерлік бағыттарын) меңгеруде, бұл оларды бір нақты салаға дәл жатқызуға мүмкіндік бермейді. Химия өнеркәсібі, ағаш өңдеу өнеркәсібі және ғимараттар мен әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін пайдалану салалары бойынша осы салалардың мамандықтарына ғана апаратын мамандықтар даярлау құрылымында анықталған жоқ - бұл бағыттар бойынша даярлау сабақтас (ортақ) мамандықтар шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл көрсеткіштер ТиКБ жүйесінің өнеркәсіпті, құрылысты және геологияны білікті жұмысшы кадрлармен қамтамасыз етудегі елеулі әлеуетін көрсетеді және даярлау көлемдерін еңбек нарығының болжамды қажеттілігімен одан әрі үйлестіруді, оның ішінде мақсатты даярлаумен ең аз қамтылған салаларға нүктелік назар аударуды талап етеді.

Кадрлар даярлау және ЖЖОКББ түлектерін жұмысқа орналастыру деңгейі

Министрлік жетекшілік ететін салалар үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі (ЖЖОКББ) бар кадрларды даярлау ҚР ӨҚМ жетекшілік ететін 9 саланың мамандықтарымен сәйкестендірілген білім беру бағдарламаларының кең спектрі негізінде жүзеге асырылады. 2026 жылы білім алушылар контингенті 59 687 адамды, түлектер саны 16 184 адамды құрайды.

Студенттердің ең көп контингенті құрылыс және құрылыс индустриясы (23 960 адам) және машина жасау (14 742 адам) салаларында шоғырланған. Бұл ретте, білім алушылардың едәуір бөлігі ортақ мамандықтарға тиесілі ТиКБ жүйесінен айырмашылығы, ЖЖОКББ жүйесінде ірілендірілген техникалық бағыттар бойынша даярлаудың жоғары шоғырлануы байқалады. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі», «ТКШ» және «Ағаш өңдеу өнеркәсібі» салалары бойынша осы салалардың кәсіптеріне ғана апаратын мамандандырылған білім беру бағдарламалары даярлау құрылымында анықталған жоқ - даярлау негізінен сабақтас инженерлік мамандықтар шеңберінде жүзеге асырылады.

Бұл көрсеткіштер білім беру бағдарламаларының мазмұнын бекітілген кәсіби стандарттармен жоспарлы түрде синхрондау (сәйкестіктің ағымдағы деңгейі 73,0%) және мамандандырылған білім беру модульдерін енгізу қажеттілігін көрсетеді. Бұл даярлау көлемдерін еңбек нарығының болжамды қажеттілігімен одан әрі үйлестіруді, сондай-ақ мақсатты даярлаумен ең аз қамтылған салаларда кадрлық әлеуетті дамыту бойынша нүктелік жұмысты талап етеді.

Білім беру бағдарламаларын кәсіби стандарттармен қамтамасыз ету

ҚР ӨҚМ жетекшілік ететін салаларға сәйкес келетін даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламалары мазмұнының бекітілген кәсіби стандарттарға сәйкестігіне талдау білім беру жүйесінің салалық біліктілік жүйесімен толық байланыспағанын көрсетеді. «Инженерлік, өңдеуші және құрылыс салалары» ірілендірілген саласы бойынша мазмұны бекітілген кәсіби стандарттарға сәйкес келетін ТиКБ білім беру бағдарламаларының үлесі 90,9%-ды (4 647 білім беру бағдарламасының 4 223-і) құрайды. Туыстас даярлау бағыттары бойынша (архитектура және құрылыс; инженерия және инженерлік іс; өндірістік және өңдеуші салалар) іске асырылатын ЖЖОКББ білім беру бағдарламалары бойынша мазмұны кәсіби стандарттарға сәйкес келетін бағдарламалардың үлесі 73,0%-ды (2 671 білім беру бағдарламасының 1 950-і) құрайды, бұл ТиКБ деңгейінен айтарлықтай төмен және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім

беру бағдарламаларын жетекшілік етілетін салалардың кәсіби стандарттарымен байланыстыру бойынша одан әрі жұмыс жүргізу қажеттілігін көрсетеді.

** Есептеу ЖЖОКББ даярлау бағыттары классификаторы мен Қазақстан Республикасының Кәсіптердің ұлттық сыныптауышының сәйкестік кестесі болмаған кезде, ТиКБ үшін қолданылатынына ұқсас, ҚР ӨҚМ құзыретіне барынша сәйкес келетін даярлау бағыттары бойынша жүргізілді; мұндай кесте пайда болған кезде мағыналары нақтылауға жатады.*

Сала кадрларын жұмыс орындарымен қамтамасыз ету

2026 жылы өнеркәсіпте шамамен 13,8 мың тұрақты жұмыс орнын құра отырып, жалпы сомасы шамамен 904,3 млрд теңгеге 157 инвестициялық жоба іске асырылуда; талдау жасалған күнге 3 632 жұмыс орнын құра отырып, 183,5 млрд теңгеге 63 жоба пайдалануға берілді. Мұндай жобалардың тізілімін қалыптастыру және мониторингтеу сала кадрларын жұмыс орындарымен қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады.

Жетекшілік етілетін салалар бойынша талдау

Жоғарыда келтірілген талдау мәліметтері ҚР ӨҚМ жетекшілік ететін салалар бойынша тұтастай алғанда қалыптастырылды, өйткені қолданылатын деректер көздері (электронды еңбек биржасы, кәсіби стандарттар базасы, ТиКБ және ЖЖОКББ кадрларын даярлау бойынша мәліметтер) кәсіптер мен мамандықтарды Қазақстан Республикасының Кәсіптердің ұлттық сыныптауышының кодтары мен даярлаудың ірілендірілген бағыттары (салалары) бойынша жіктейді, бірақ ҚР ӨҚМ 9 салалық бағыты бойынша тікелей жіктемейді. Төменде қолда бар деректерден бөліп алу мүмкіндігі болған көрсеткіштер негізінде әрбір жетекшілік етілетін сала бойынша егжей-тегжейлі мәліметтер келтірілген; көздерде жеке көрсеткіштері жоқ салалар үшін бұл бөлек атап өтілді.

Құрылыс және құрылыс индустриясы. машина жасау және ТМК-мен қатар жетекшілік етілетін салалар арасында ең көп жұмыспен қамтуды және ашық бос орындардың ең көп санын қалыптастырады; кадрлар даярлау контингенті бойынша көш бастап тұр - 35 904 ТиКБ білім алушысы және 23 960 ЖЖОКББ білім алушысы («Құрылыс және құрылыс индустриясы» саласы); кәсіби біліктілікті мойындаумен қамту да осы салаға шоғырланған.

Машина жасау. жұмыспен қамту және бос орындар саны ең көп үш саланың қатарына кіреді; машина жасаудағы кадрлардың салыстырмалы тапшылығы (бос орындардың жұмыспен қамтылуға қатынасы) құрылысқа қарағанда жоғары, бұл мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру кезінде бағыттың басымдығын көрсетеді; бағыт бойынша ЖЖОКББ контингенті - 14 742 адам.

Тау-кен металлургия кешені (ТМК). жұмыспен қамту және бос орындар саны ең көп үш саланың қатарына кіреді; құрылыс және жеңіл өнеркәсіппен қатар – кәсіби біліктілікті мойындау жүйесімен ең көп қамтылған салалардың бірі.

Жеңіл өнеркәсіп. ТиКБ кадрларын даярлау контингенті бойынша екінші орынды алады - 22 783 білім алушы; кәсіби біліктілікті мойындау жүйесімен ең көп қамтылған салалардың қатарына кіреді.

Химия өнеркәсібі. деректер көздері бойынша жұмыспен қамтудың, бос орындардың және кадрлар даярлаудың жеке көрсеткіштері бөлініп көрсетілмейді: сала мамандықтарына ғана апаратын ТиКБ мамандықтары анықталған жоқ - даярлау сабақтас (ортақ) мамандықтар шеңберінде жүзеге асырылады. Салалық кеңес тарапынан нүктелік деректер жинау және мониторинг жүргізу талап етіледі.

Ағаш өңдеу өнеркәсібі. деректер көздері бойынша жеке көрсеткіштер бөлініп көрсетілмейді: сала мамандықтарына ғана апаратын ТиКБ мамандықтары мен ЖЖОКББ білім беру бағдарламалары анықталған жоқ – даярлау сабақтас (ортақ) мамандықтар шеңберінде жүзеге асырылады. Салалық кеңес тарапынан нүктелік деректер жинау және мониторинг жүргізу талап етіледі.

Геология. ағымдағы талдауда тек саланы кадрлармен қамтамасыз етудің жалпы контекстінде ғана ұсынылған (құрылыспен және өнеркәсіппен бірге); қолда бар деректерде сала бойынша жұмыспен

қамтудың, бос орындардың, кадрлар даярлаудың және кәсіби стандарттармен қамтудың жеке көрсеткіштері бөлініп көрсетілмеген және қосымша жинауға және талдауға жатады.

ТКШ (ғимараттар мен әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін пайдалану). сала мамандықтарына ғана апаратын ЖЖОКББ білім беру бағдарламалары анықталған жоқ - даярлау сабақтас инженерлік мамандықтар шеңберінде жүзеге асырылады; деректер көздері бойынша жұмыспен қамту және бос орындар көрсеткіштері бөлініп көрсетілмейді.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі. сала кәсіптеріне ғана апаратын ЖЖОКББ мамандандырылған білім беру бағдарламалары анықталған жоқ - даярлау сабақтас инженерлік мамандықтар шеңберінде жүзеге асырылады; деректер көздері бойынша жұмыспен қамту және бос орындар көрсеткіштері бөлініп көрсетілмейді.

Келтірілген егжей-тегжейлі мәліметтер ҚР ӨҚМ жетекшілік ететін 9 сала бойынша сенімді сандық көрініс қазіргі уақытта негізінен құрылыс (құрылыс индустриясы), машина жасау, ТМК және жеңіл өнеркәсіп үшін қолжетімді екенін көрсетеді. Геология, химия және ағаш өңдеу өнеркәсібі, ТКШ, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергия тиімділігі үшін жұмыспен қамтудың, бос орындардың, кадрлар даярлаудың және кәсіби стандарттармен қамтудың жеке сандық көрсеткіштері қолданыстағы сыныптауыштармен бөлініп көрсетілмейді және ТиКБ мен ЖЖОКББ мамандықтарын ҚР ӨҚМ жетекшілік ететін 9 саламен салыстыру үшін қолданылатын кестеге ұқсас, кәсіптердің (ҰЖК) және кадрларды даярлау мамандықтарының осы салаларға сәйкестігінің жиынтық кестесін әзірлеуді талап етеді.

3-бөлім. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 2027–2029 жылдарға арналған біліктілік пен дағдылар жүйесін дамыту жөніндегі салалық жоспарын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

№ р/с	Негізгі іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Аяқталу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1-тарау. ҰБЖ құралдарын дамыту және кәсіби біліктілік жөніндегі салалық кеңестердің қызметін жетілдіру				
<i>Нысаналы индикатор 1: Кәсіби стандарттармен қамтылған сала мамандықтарының үлесі (2026 жыл - 27,04%, 2027 жыл - кемінде 31%, 2028 жыл - кемінде 35,5%, 2029 жыл - кемінде 40,5%)</i>				
<i>Нысаналы индикатор 2: Қазақстан Республикасының Кәсіптердің ұлттық сыныптауышына (ҰЖК) енгізу үшін ұсынылған жаңа және трансформацияланатын мамандықтардың саны (2026 жыл - —, 2027 жыл - —, 2028 жыл - —, 2029 жыл - 4 бірлік: құрылыс - 1, ТМК - 1, машина жасау - 2)</i>				
1.	Жетекшілік етілетін салаларды кадрлармен қамтамасыз ету бойынша аналитикалық материалдарды даярлау	ЕХӘҚМ-ге аналитикалық ақпарат	жыл сайын	ӨҚМ, ЕХӘҚМ, ЕРДО, салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындар (келісім бойынша)
2.	Салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындардың өтініштері негізінде Қазақстан Республикасының Кәсіптердің ұлттық сыныптауышын (КҰС)	ЕХӘҚМ-ге ұсыныстар	Қажеттілігіне қарай	ӨҚМ, СК, ЕХӘҚМ, ЕРДО, салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындар (келісім бойынша)

	өзектендіру бойынша ұсыныстар даярлау			
3.	Жетекшілік етілетін салалардың мамандықтарын кәсіби стандарттармен қамтуды қамтамасыз ету (Қазақстан Республикасының Кәсіптердің ұлттық сыныптауышымен салыстырып тексеру)	ЕХӘҚМ-ге аналитикалық ақпарат	қажеттілігіне қарай	ӨҚМ, ЕХӘҚМ, ЕРДО, СК

Нысаналы индикатор 3: Саланың жаңа және трансформацияланатын мамандықтарын ескере отырып, әзірленген және (немесе) өзектендірілген салалық біліктілік шеңберлерінің саны (2026 жыл - 2 бірлік, 2027 жыл - 5 бірлік, 2028 жыл - 2 бірлік, 2029 жыл - —)

Нысаналы индикатор 4: Технологиялық процестердің өзгеруін, жаңа мамандықтардың пайда болуын және сала мамандарының құзыреттеріне қойылатын талаптардың трансформациялануын ескере отырып, әзірленген және (немесе) өзектендірілген кәсіби стандарттардың саны (2026 жыл - 158 бірлік, оның ішінде 7-сі бекітілді, 2027 жыл - 23 бірлік, 2028 жыл - 40 бірлік, 2029 жыл - 158 бірлік)

4.	Салалардың жаңа және трансформацияланатын мамандықтарын ескере отырып, СБШ өзектендіру	СБШ-ға бекітілген өзгерістер	Қажеттілігіне қарай	ӨҚМ, СК, ЕХӘҚМ, ЕРДО
5.	Жетекшілік етілетін салалар бағыттарының дамуын ескере отырып, СБШ әзірлеу (қажеттілігіне қарай)	Бекітілген СБШ	Қажеттілігіне қарай	ӨҚМ, СК, ЕХӘҚМ, ЕРДО
6.	Кезекті жылға арналған Кәсіби стандарттарды әзірлеу және өзектендіру жоспары бойынша ұсыныстар қалыптастыру	ЕХӘҚМ-ге ұсыныстар	жыл сайын, желтоқсан	ӨҚМ, СК, ЕХӘҚМ, ЕРДО
7.	Кәсіби стандарттарды (КС) әзірлеу және (немесе) өзектендіру	Бекітілген КС	жыл сайын, жоспарға сәйкес	ӨҚМ, СК, ЕХӘҚМ, ЕРДО
8.	Кәсіби стандарттарды әзірлеу және өзектендіру жоспарының орындалуына мониторинг жүргізу	ЕХӘҚМ-ге ақпарат	Жарты жылда бір рет	ӨҚМ, ЕХӘҚМ, ЕРДО

Нысаналы индикатор 5: Салалық кеңестердің жыл сайынғы жұмыс жоспарларының орындалу үлесі (2026 жыл - 70%, 2027 жыл - 75%, 2028 жыл - 80%, 2029 жыл - 85%)

Нысаналы индикатор 6: Жетекшілік етілетін бағыттар бойынша жаңа салалық кеңестердің саны (салалардың жаңа бағыттарының дамуын ескере отырып, қажеттілігіне қарай құрылады)

9.	Салалық кеңестердің жыл сайынғы жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту	Хаттама және СК бекітілген жоспары	қаңтар (жыл сайын)	ӨҚМ, СК, ЕРДО
10.	Жетекшілік етілетін салалардың жаңа бағыттарының дамуын, технологиялық өзгерістерді және еңбек нарығының жаңа қажеттіліктерінің қалыптасуын ескере отырып, жаңа салалық кеңестерді құру мәселесін пысықтау	ЕХӨҚМ-ге ұсыныстар, СК құру туралы бұйрық	қажеттілігіне қарай	ӨҚМ, ЕРДО
11.	Кәсіпорындардың, қауымдастықтардың және білім беру ұйымдарының сарапшыларын тарта отырып, салалық кеңестер құрамының сапасын қамтамасыз ету	Бұйрық, ақпарат	тұрақты негізде	ӨҚМ, СК, ЕХӨҚМ, ЕРДО
12.	Салалық кеңестердің қызметіне кешенді шолу және талдау жүргізу	Аналитикалық ақпарат	Жылына 1 рет	ӨҚМ, ЕРДО, СК

2-тарау. Жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында кадрлар даярлау

Нысаналы индикатор 7: Мазмұны кәсіби стандарттарға сәйкес келетін ТиКБ білім беру бағдарламаларының үлесі (2026 жыл - 90,9%, 2027 жыл - 91%, 2028 жыл - 92%, 2029 жыл - 93%)

Нысаналы индикатор 8: Мазмұны кәсіби стандарттарға сәйкес келетін ЖЖОКББ білім беру бағдарламаларының үлесі (2026 жыл - 73,0%, 2027 жыл - 74%, 2028 жыл - 76%, 2029 жыл - 78%)

13.	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің деректері негізінде жетекшілік етілетін салаларға сәйкес келетін мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кадрлар	Аналитикалық ақпарат	жыл сайын	ӨҚМ, ҒЖБМ, ОАМ, ЕРДО
-----	--	----------------------	-----------	----------------------

	даярлауға жыл сайынғы мониторинг жүргізу			
14.	Сала кәсіпорындарының кадрға деген қажеттілігіне сәйкес (кәсіпорындардың ұсыныстары) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша ұсыныстар қалыптастыру	ҒЖБМ-ге, ЖАО-ға ұсыныстар	қажеттілігіне қарай	ӨҚМ, ҒЖБМ, ЖАО, ЕРДО, салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындар (келісім бойынша)
15.	Жетекшілік етілетін салалар бойынша ТиКБ және ЖЖОКББ білім беру бағдарламалары мазмұнының қолданыстағы кәсіби стандарттарға сәйкестігіне мониторинг жүргізу (ОАМ мен ҒЖБМ тиісті білім беру бағдарламаларын ұсынған шамада)	Аналитикалық ақпарат, ұсыныстар	Жыл сайын	ӨҚМ, ҒЖБМ, ОАМ, ЕРДО
16.	Жетекшілік етілетін салалардың жаңа және трансформацияланатын мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын өзектендіру және әзірлеу, оның ішінде цифрлық құзыреттерді және жасанды интеллекттің әсерін ескере отырып	ББ Тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламалары	жыл ішінде	ҒЖБМ, ОАМ, ӨҚМ, ЕРДО, салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындар (келісім бойынша)
17.	Салаларды кадрлармен қамтамасыз ету мәселелерін салалық кеңестердің отырыстарында қарау	Отырыс хаттамалары	жыл сайын	ӨҚМ, СК, ЕРДО

Нысаналы индикатор 9: Салалар бойынша жұмысқа орналасқан ТиКБ түлектерінің үлесі (2026 жыл - 56%, 2027 жыл - 58%, 2028 жыл - 60%, 2029 жыл - 62%)

Нысаналы индикатор 10: ҚР ӨҚМ жетекшілік етілетін салаларға сәйкес келетін даярлау бағыттары бойынша жұмысқа орналасқан ЖЖОКББ түлектерінің үлесі (2026 жыл - 71,5%, 2027 жыл - 73,0%, 2028 жыл - 75,0%, 2029 жыл - 77,0%)

(Базистік мән (71,5%) нысаналы параметрлер бойынша (сыртқы көзден - ЭЕБ) келтірілген, өйткені ҒЖБМ файлында түлектердің жұмысқа орналасуы туралы деректер жоқ. Динамика жоспарлы.)

18.	Жетекшілік етілетін бағыттар бойынша ТиКБ және ЖЖОКББ түлектерінің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу (бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін ұйымдастыру, халықты жұмыспен қамту орталықтарымен өзара іс-қимыл жасау)	Аналитикалық ақпарат	жыл ішінде	ӨҚМ, ҒЖБМ, ЖАО, ЕХӨҚМ, ЕРДО
19.	ТиКБ және ЖЖОКББ ұйымдары түлектерінің жетекшілік етілетін салаларға сәйкес келетін мамандықтар бойынша жұмысқа орналасуына мониторинг жүргізу	Аналитикалық ақпарат	жыл сайын	ЕХӨҚМ, ЕРДО, ҒЖБМ, ОАМ, ӨҚМ, ЖАО
3-тарау. Жұмыскерлерді қайта даярлау, біліктілігін арттыру және кадрларды жұмыс орындарымен қамтамасыз ету				
Нысаналы индикатор 11: Цифрландыруды және жасанды интеллектті енгізуді ескере отырып, қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өткен жетекшілік етілетін салалар жұмыскерлерінің саны (2027-2029 жылдар - деректер сала кәсіпорындары ұсынған ақпарат негізінде жыл қорытындысы бойынша қалыптастырылады)				
20.	Цифрландыруды және жасанды интеллектті енгізуді ескере отырып, жетекшілік етілетін салалар жұмыскерлерін қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру	ЕХӨҚМ-ге есептік ақпарат	жыл сайын	ӨҚМ, ЖАО, салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындар (келісім бойынша)
Нысаналы индикатор 12: Жаңа жұмыс орындарын құратын өнеркәсіп жобаларының жаңа пулын қалыптастыру және өзектендіру (2026-2029 жылдар - жыл сайын)				
Нысаналы индикатор 13: Бірыңғай индустрияландыру картасына (БИК) сәйкес іске асырылған жобалар шеңберінде енгізілген жұмыс орындарының саны (2026 жыл - 13 809 адам, 2027-2029 жылдар - ЖАО ақпараты негізінде жыл қорытындысы бойынша деректер қалыптастырылады)				
21.	Жаңа жұмыс орындарын құратын Бірыңғай индустрияландыру картасы жобаларының пулын қалыптастыру және өзектендіру (өңірлер мен салалар бөлінісінде)	Бірыңғай индустрияландыру картасы	Жылына 1 рет	ӨҚМ, ЖАО

22.	Бірыңғай индустрияландыру картасына сәйкес саланың іске асырылған жобалары бойынша жұмыс орындарының құрылуына мониторинг жүргізу	Аналитикалық ақпарат	Жарты жылда бір рет (шілде, желтоқсан)	ӨҚМ, ЖАО, салалық кәсіпорындар мен қауымдастықтар (келісім бойынша)
4-тарау. Кәсіби біліктілікті мойындау жүйесін және Мамандықтар тізілімін дамыту				
Нысаналы индикатор 14: Мамандықтар тізілімін өзектендіру бойынша уақтылы қарастырылған және ЕХӨҚМ-ге жіберілген ұсыныстардың үлесі (2026 жыл - 100%, 2027 жыл - 100%, 2028 жыл - 100%, 2029 жыл - 100%)				
Нысаналы индикатор 15: Жетекшілік етілетін бағыттар бойынша кәсіби біліктілікті мойындайтын қолданыстағы орталықтардың саны (2026 жыл - 5 бірлік, 2027 жыл - 5 бірлік, 2028 жыл - 5 бірлік, 2029 жыл - 5 бірлік)				
Нысаналы индикатор 16: Кәсіби біліктілікті мойындаудан өткен жетекшілік етілетін салалар жұмыскерлерінің саны (2027-2029 жылдар - деректер ЕРДО ақпараты негізінде жыл қорытындысы бойынша қалыптастырылады)				
23.	ҚР ӨҚМ салаларында кәсіби біліктіліктер мойындалатын Мамандықтар тізілімін өзектендіру	ЕХӨҚМ-ге ұсыныстар	қажеттілігіне қарай	ӨҚМ, ЕХӨҚМ, ЕРДО, салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындар (келісім бойынша)
24.	Құрылған мойындау орталықтарының базасында жетекшілік етілетін салалар жұмыскерлерінің кәсіби біліктілігін мойындау рәсімдерін өткізуді ұйымдастыру	ЕХӨҚМ-ге есеп (мойындау орталықтарының хаттамалары)	жыл ішінде	ЕРДО, ӨҚМ, СК
25.	Жетекшілік етілетін бағыттар бойынша қолданыстағы мойындау орталықтарының жұмысына мониторинг жүргізу және жаңаларын құруға жәрдемдесу	Аналитикалық ақпарат	жыл сайын	ЕРДО, ӨҚМ, СК